




Дана БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



№1 (41)
2025





МАЗМҰНЫ

Содержание

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС НАУЧНЫЙ ПОЙСК

<i>Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру</i> <i>Ахметова Ж.Б.</i>	8
---	---

ТІЛГЕ БОЙЛАУ ТІЛГЕ БОЙЛАУ

<i>«Тілге бойлау» – мектеп жасына дейінгі балаларды мақсатты тілді оқытудың жобасы</i> <i>Қариева Ж.Т.</i>	12
<i>Ұлттық құндылықтар тақырыбындағы дидактикалық ойындар арқылы қазақ тілін меңгерту</i> <i>Қалмаханова С.У.</i>	16
<i>Режимдік сәттерінде қазақ тілін үйретудің әдіс-тәсілдері</i> <i>Қонхашова Г.М.</i> <i>Қасымова Ж.Е.</i>	20
<i>Казахский язык в блоках: учим с тінесгафт</i> <i>Ахметзакирова Л.Н.</i>	24

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІ ПРАКТИКА ЦЕНТРОВ КОМПЕТЕНЦИЙ

<i>Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асырудағы тиімді әдістер-тәсілдер мен инновациялық технологиялар</i> <i>Смакова А.Д.</i> <i>Сомшина А.Е.</i>	27
<i>Құзиреттілік орталығы: ұйымдастырылуы, қалыптасуы, жұмысының жүргізілуі</i> <i>Тымбаева Ж.А.</i>	32
<i>Опыт работы методиста современной дошкольной организации</i> <i>Леонова З.Г.</i>	34

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРЕДІ СПЕЦИАЛИСТЫ СОВЕТУЮТ

<i>Артикуляциялық жаттығулардың маңызы</i> <i>Қожамұратова Г.Ә.</i>	38
<i>Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ ұлттық музыкасын терең насихаттау</i> <i>Қумарбаева Г.Б.</i>	41
<i>Балабақшада инклюзияны қолдау кабинетінің жұмысын ұйымдастыру</i> <i>Тусупбергенова Г.С.</i>	45
<i>Мектепке дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерте кәсіби бағдарлануы, педагог-психологтың көзімен</i> <i>Асқарова Н.Ж.</i>	48

Басқарудың мектепке дейінгі ұйым ұжымындағы жағымды психологиялық климатты орнату бағытындағы іс-әрекеті

<i>Каримова Ж.К.</i>	50
<i>Қоршаған ортамен таныстыруға арналған оқу-әдістемелік кешенді қолдану тиімділігі</i> <i>Илюбаева А.А.</i>	55
<i>Особенности игры с детьми с особыми образовательными потребностями</i> <i>Скакова Ж.О.</i>	63
<i>Цифровые технологии в воспитательно-образовательном процессе для детей с ООП</i> <i>Кадралиева К.Б.</i>	67
<i>Домбровский оркестр в детском саду</i> <i>Слободенюк Н.В.</i>	70
<i>Как через интеграцию комплексов упражнений bal-a-vis-x и balametrics в процессе обучения плаванию улучшить координацию двигательных функций и равновесия у детей с sen (ООП) в возрасте 4-5 лет</i> <i>Дарбаева М.Т.</i>	73
<i>Рисование на камнях, как один из методов арт-терапии для детей с ООП</i> <i>Усенко Н.А.</i>	77
<i>Логопедические нейроигры взаимодействия и стимулирования речевой активности у детей дошкольного возраста</i> <i>Кочерга О.А.</i>	80
<i>Песочная терапия как средство развития речи и коммуникативных навыков у детей с ограниченными возможностями здоровья (ООП)</i> <i>Абишева Г.А.</i>	84
<i>Особенности формирования речи у детей с задержкой психического развития (ЗПР)</i> <i>Гаркуша Н.И.</i>	88
<i>Использование игр и упражнений в работе с детьми с особыми образовательными потребностями по методике Клауса Фопеля</i> <i>Алиясқарова О.Н.</i>	92
<i>Предметы-заместители в коррекционно-развивающем обучении дошкольников с особыми образовательными потребностями</i> <i>Самойлюк Н.А.</i>	95
<i>Мектеп жасына дейінгі балаларға музыканың әсері</i> <i>Жұмабекова Б.М.</i>	99
<i>Психологическая коррекция детей с ЗПР в условиях ДО</i> <i>Ханеева О.Ю.</i>	102
<i>Арнайы білім алу қажеттілігі бар балаларға коррекциялық жұмысты ұйымдастыруда жеке бағдарламаны дайындау ерекшеліктері және оны жүзеге асыру жолдары</i> <i>Бердиева Г.К.</i>	107



ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІ ПРАКТИКА ЦЕНТРОВ КОМПЕТЕНЦИЙ

ҮЛГІЛІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР-ТӘСІЛДЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



Смакова Анар Долдабековна

Астана қаласы, № 95 «Алматы» балабақшасының
меңгерушісі



Сомшина Акмарал Есимхановна

Астана қаласы, № 95 «Алматы» балабақшасының
әдіскері



Аңдатпа. Бұл мақалада Үлгілік бағдарламаның мазмұнын тәрбиелеу-білім беру процесінде іске асыруда қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды тиімді кіріктіру қарастырылды. Сонымен қатар, отбасы мен балабақшаның өзара ықпалдастығы, тәрбие мен білімнің сабақтастығы, балаларды ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамыту мен әлеуетін ашудағы тәжірибемен бөлісіп отыр.



Түйін сөздер: дамытушы орта, қызығушылықтар орталықтары, инновациялық тәсілдер, тәрбие мен білім сабақтастығы, инновациялық технологиялар, кіріктіру.

*«Тәрбие – ұлт болашағын кемел
болашаққа жетелейтін, білімнің іргетасы.
Адам жанын ізгілікке, қайырым мен
парасатқа баулитын үрдіс».
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасынан.*

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын тиімді жүзеге асыру - жас ұрпақтың рухани-адамгер-

шілік, әлеуметтік және зияткерлік дамуының негізі. Заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды тиімді пайдалану - тәрбиелеу-білім беру процесін балаға қызықты, әрі мазмұнды ете түседі. Бұл тәсілдер құндылықтар жүйесін саналы түрде меңгеруге жол ашады.

Қазіргі уақыт - үнемі өзгеріп отыратын ортада өмір сүретін, бейімделгіш және шығармашыл жас буынның кезеңі. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет атқаратын педагогтер сапалы, ізгі ниетті, елжанды ұрпақ тәрбиелеуге ерекше назар аударуы тиіс деп санаймыз. Осы орайда, №95 «Алматы» балабақшасы мектепке дейінгі сапалы білімге барлық балалардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде үздік тәжірибелерін тарату және педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында бекітілген құзыреттілік орталығы ретінде заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды нәтижелі қолдану тәжірибесін іске асырып келеді. Ұйымның материалдық-техникалық базасы, ішкі және сыртқы көркемдік дизайны, топ бөлмелердегі, дәліздердегі затық-дамытушы орталар баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретіндей жасақталған. Мысалы, топтарда қызығушылықтар орталықтары: қимыл-қозғалыс аймағы, құм мен су бұрышы, рөлдік ойын кеңістігі, құрылымдық-логикалық орталық, ұсақ моторика дамуына арналған бұрыш, шығармашылық және бейнелеу аймағы, жеке ойлау кеңістігі, музыка бұрышы, кітап бұрышы, математика аймақтары, ғылыми-таным орталығы ұйымдастырылған. Бұл орталықтар баланың белсенділігін арттыруға, шығармашылығын дамытуға және коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Педагогтер осы орталықтарда балалардың түрлі әрекетін кіріктіре отырып, күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырып және ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды қолдануда:

- STEAM технологиясы – ғылым, техника, өнер және математика бағыттарын кіріктіре отырып, балалардың логикалық және сыни ойлау қабілетін дамытуда;
- Flipped Classroom әдісі – ата-аналармен ынтымақтастық орната отырып, тәрбие мәселелерін бірлесіп шешуге мүмкіндік беруде;
- Digital storytelling – балалар өз отбасын, отбасындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеліп жатқан сәттерді бейнеролик-

тер арқылы таныстыруға мүмкіндік жасауда.

- QR-кодпен жұмыс – интерактивті ақпаратқа жедел қол жеткізу арқылы іс-шараларға қатысу аясын кеңейтуде;
- AR/VR элементтері – іс-шараларда баланың виртуалды ортада оқиғаға қатысу сезімін оятып, эмоциялық әсерін күшейтеді.



Балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына және қабілетіне сәйкес тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, интеграциялық жобалық құндылықтық және рефлексивтік әдістер қолданылып келеді. Мысал ретінде экологиялық тәрбиені айтуға болады. Табиғатты аялау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, әділеттілік пен жанашырлық – бағдарлама мазмұнындағы міндеттердің бірі. Балалар табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты ерте жастан бойына сіңіреді.

